

Аудандар және қалалар бойынша субсидиялар көлемдерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 25 шілдедегі № 254 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 8 тамызда № 2764 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 12 маусымдағы № 170 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 12.06.2015 № 170 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , "Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 575 және "Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 574 қаулыларына сәйкес, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудандар және қалалар бойынша:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысы басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар көлемі;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын арзандатуға арналған субсидиялар көлемі белгіленсін.

2. "Оңтүстік Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде

белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;

2) осы қаулының Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 10 сәуірдегі № 90 " Аудандар бойынша субсидиялар көлемдерін белгілеу туралы" қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2611 нөмірімен тіркелген, 2014 жылы 23 сәуірде "Оңтүстік Қазақстан" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

5. Осы қаулының орындалуын бақылауын өзіме қалдырамын.

Облыс әкімінің

міндетін атқарушы

Б.Оспанов

Б.Жылқышиев

Ә.Бектаев

С.Қаныбеков

Е.Садыр

С.Тұяқбаев

А.Абдуллаев

Р.Исаева

Облыс әкімдігінің
2014 жылғы 25 шілдедегі
№ 254 қаулысына 1-қосымша

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар көлемі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 10.12.2014 № 392 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Қала мен аудандардың атауы	Межеленген егістік көлемі, мың га	Субсидия көлемі, мың теңге
1	Арыс	8,14	156 964
2	Бәйдібек	19,43	159 338
3	Қазығұрт	30,41	307 485

4	Мақтарал	121,48	2 578 004
5	Ордабасы	25,22	445 843
6	Отырар	9,02	151 095
7	Сайрам	31,03	369 253
8	Сарыағаш	27,67	1 869 035
9	Созақ	3,52	30 452
10	Төлеби	24,53	213 684
11	Түлкібас	28,58	229 675
12	Шардара	39,67	773 094
13	Түркістан	30,49	569 851
14	Шымкент	1,22	266 474
15	Кентау	0,69	17 297
	Барлығы	401,1	8 137 544

Облыс әкімдігінің
2014 жылғы 25 шілдедегі
№ 254 қаулысына 2-қосымша

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын арзандатуға арналған субсидиялар көлемі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 10.12.2014 № 392 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Қала мен аудандардың атауы	Тыңайтқыштар көлемі, мың тонна	Субсидия көлемі, мың теңге
1	Арыс	2,52	63324,07
2	Бәйдібек	1,66	46096,66
3	Қазығұрт	6,21	167740,78
4	Мақтарал	32,02	862157,94
5	Ордабасы	7,65	221390,57
6	Отырар	1,33	36830,16
7	Сайрам	3,30	92139,48
8	Сарыағаш	7,03	212170,65
9	Созақ	0,00	0,00
10	Төлеби	2,38	65997,82
11	Түлкібас	2,29	63478,27
12	Шардара	5,77	163468,34
13	Түркістан	3,00	83394,88
14	Шымкент	0,05	1367,78
15	Кентау	0,06	1542,57
	Барлығы	75,27	2081100,0